

**Байғанин ауданы Білім бөлімдерінің
сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін
ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтөбе қаласы, Байғанин ауданы

2022 жылғы 6 -маусым

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау білім беру үйімінің 2022 жылғы 23 мамыр № 34 бүйрігіна сәйкес жүргізілді.

Талдауды жүргізу кезеңі: 2022 жылдың бірінші жартыжылдығы.

Талданатын нысан туралы мәлімет:

Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы.

Талдау нысаны: «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) Білім беру үйімінің қызметіне ықпал ететін басқарманың ішкі нормативтік құжаттарында сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Білім беру үйімінің үйімдастыруышылық және басқарушылық қызметіндегі сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Білім беру үйімы үйімінің құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауга, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.

Білім беру үйімы өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Жарғыға, үйімінің ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлар жемқорлық сипатындағы нормалардың болуы

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру үйімдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бүйрігі бойынша

Білім беру үйімдарының педагогтерін конкурсстық тағайындау облыстық білім басқармасы арқылы жүргізіледі. Аталған рәсімдер мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру үйімдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бүйрігінде 31-тармағында бірінші басшылар лауазымына орналасуға үміткер жеке тұлға (бұдан әрі – кандидаттар) осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш пен құжаттар береді делинген.

Альтернатива ретінде мемлекеттік органның кеңесіне құжат тапсыру рұқсат етілгендейтін, қызмет алушылардың басым бөлігі құжаттарын қағаз түрінде басқармаға тапсырады. Бұнымен қоса, қызметтің 10-15%-ы мемлекеттік корпорация арқылы көрсетіледі

(қағаз түрінде). Қызметтің қағаз түрінде көрсетілуі кезінде сыйайлас жемқорлық фактілерінің орын алу ықтималдығы артады.

Электрондық үкімет веб-порталына кандидаттар құжат тапсырғанымен, интеграцияланған жүйе болмағандықтан қызметті көрсетушіге өтініш түскендігі көрінбейді.

Ұсыныс: Осы мәселені шешу үшін қазіргі қолданыстағы е-Портфолио сияқты жүйелердің бірін, электрондық үкімет порталымен интеграциялау қажеттілігі туындалап отыр.

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметі келесі мәселелерді қамтиды:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың аудисуы;
- 2) Мұдделер қақтығысын реттеу;
- 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) Бөлімдерге келіп түскенарыз-шағымдар туралы;
- 7) Бөлімнің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындастырылған жағдайда де мәселелер.

I. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ КАДРЛАРДЫҢ АУДИСУЫ

2022 жылдың 1-жартыжылдығында 1 адам қабылданды, ешқандай қызметкер қызметінен босатылмады. Кадрлардың жиі орын алмасуы болған жоқ.

Ұсыныс № 3

Білім беру ұйымдарында кадрлардың жиі алмасуына жол бермеу, қызметке тағайындалатын жас мамандарға тәлімгерлік түргыда көмек көрсету.

II. МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Есепті кезеңде мұдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Білім беру ұйымына жүргізілген талдау барысында төмендегідей ұсыныстар берілді:

- сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін туындастаратын нормативтік құқықтық актілер бойынша ұсынысты зерделеп, тиісті органдарға жеткізу;
- білім беру ұйымының тарарапынан орындаушылық, атқарушылық тәртіпті күшайту;
- кадрлардың жиі алмасуына жол бермеу, қызметке тағайындалатын жас мамандарға тәлімгерлік түргыда көмек көрсету;



/ Дүкін / обекжай-балабақшасы:

Әдісбер

Бектұрғанова К.С.

Тоқсанбаева Ж.К.